

## **Қарғалы ауданы бойынша 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтерін бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 220 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 141, 142 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Арнаулы әлеуметтік қызметкерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қарғалы ауданы бойынша 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері бекітілсін.

2. "Қарғалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізісін;

2) осы қаулыны Қарғалы ауданы әкімінің интернет-ресурсында ресми жарияланғанынан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Унербаев*

Қарғалы ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы "31"  
желтоқсандағы  
№ 220 қаулысына қосымша

**Қарғалы ауданы бойынша 2026 жылға арналған 1 қызметті алушыға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге жан басына шаққандағы тарифі**

№	Мекемелердің түрлері	Қызмет алушылардың түрлері		Күніне 1 қызмет алушының тарифі (теңге)
		Кіші түрі	Қызмет алушының жағдайы	
1.	Үйде қызмет көрсету ұйымдары	-	-	2897,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК